

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ЖУАЛЫ
АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ «БӘЙТЕРЕК» БӨБЕКЖАЙ-
БАҚШАСЫ**

**2025 ЖЫЛДЫҢ 9 СӘУІРДЕ КЕЗЕКТЕН ТЫС ӨТКІЗІЛГЕН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**

№ 5 ХАТТАМАСЫНЫҢ КӨШІРМЕСІ

Қатысқандар саны: 7

Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы және өзін-өзі бағалау құжаттарын қорытындысы туралы.

1. Тыңдалды. С.Сабденалиева / меңгеруші /

Бөбекжай-бақшаның педагогикалық қызметкерлерінің 2025 жылдың 1 сәуірден 30 сәуір аралығында атқарылған барлық жұмыстары туралы айтты. Тексеруге дайындық жұмыстары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес атқарылды. Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелері де өз жұмыстарын белсенді жүргізді. Осы бағытта барлық құжаттар уәкілетті ұйымға уақытында тапсырылатындығы айтылды. Атқарылған жұмыстар бойынша атап өтетін болсақ; оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша құжаттары ретке келтірілді, тәрбиеленушілердің ең жоғарғы оқу жүктемесіне көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес және сақталғандығы анықталды. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар бойынша өлшемшарттың 3 -қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдері жасақталып қоса берілді. Тексеру барысында анықталған кемшіліктер мен ескертулер бойынша айтылды. Атап айтатын болсақ :

Бөбекжай - бақшаның педагогтарына квалификациялық біліктерін «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» санатына дейін көтеру, бөбекжай-бақша педагогтарына жұмыс барысында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану, көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға белсенді қатысуды ұйымдастыру, педагог мамандарға тәжірибе жинау, авторлық бағдарламалар жазу туралы айтылды.

2. Тыңдалды Ш. АлишEROVA/тәрбиеші/

Ол барлық атқарылып жатқан жұмыстардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Шешім:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай- бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Мемлекеттік аттестаттау кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізге алынсын.
3. «Өзін-өзі бағалау» құжаттары 2025 жылдың 14 сәуіріне дейін дайындалып, өз уақытында уәкілетті ұйымға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:



С. Сабденалиева.

Хатшы:



Б. Уразимбетова